**Бекітемін.**
**«Ақмола облысы білім басқармасының**
**Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі**
**Қызыл-Қазақстан ауылының**
**Нұрғабыл Малғаждаров атындағы**
**негізгі орта мектебі» КММ директоры: _______ Г.Ахметова**
**«28» 05 2025 ж.**



# «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ бойынша бастауыш буын оқушылары үшін жазғы сауықтыру демалысының бағдарламасы «Жаз - 2025»

Қызыл Қазақстан -2025 жыл

**Жазғы демалысты ұйымдастыру
жөніндегі комиссия**

1. Ахметова Г.А. – мектеп директоры
2. Казымбекова А.Н.– аға тәлімгер
3. Магжанова Б.К.– ата-аналар комитетінің төрайымы
4. Салимжанова А.Ж.– кәсіподақ төрайымы
5. Жумагалиева Ж.К.– мектеп медбикесі

## Әкімшіліктің лауазымдық міндеттері

1. Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерін ашу туралы бұйрығын шығару.
2. 1,2,3 кезеңдерге лагерь басшысын тағайындау (мұғалімнің аты-жөні)
3. Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері оқушыларының тізімін бекіту (аты-жөні, сыныбы)
4. Жетекшілер, медициналық қызметкер, музыка мұғалімін анықтап, лауазымдық міндеттерін бекіту

## Лагерь жетекшілерінің міндеттері

1. Мектепшілік лагерьдің жұмыс жоспарын құру
2. Күн тәртібін құру
3. Лагерьге қатысты бұйрықтарды дайындау:
   - директор бұйрығы
   - оқушылар тізімін

## Лагерь жетекшілерінің атқаратын жұмыстары

1. Күнделікті жоспарланған іс-шараға дайындық жұмыстарын жүргізу.
2. Күнделігін жүргізу.
3. Оқушылармен өтетін шаралар кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігіне жауап беру.
4. Оқушыларды дене жаттығулары мен сергіту сәттерін ұйымдастыру.
5. Оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында ойындар, сайыстар өткізу.

# І.Кіріспе

Жазғы демалыс уақыты жыл бойына оқушының ең көп демалатын мерзімі, бос уақыты көп болады. Бірақ барлық ата-ана бірдей балаларының демалысын дұрыс ұйымдастырады деп айту қиын. Жазғы демалыс уақытында баланың жыл бойындағы сабақ оқуынан шаршап қалғандығы білінеді, ол тынығып, күш жинап, денсаулығын нығайтып, шығармашылық жұмыс жасау қабілетін арттырады. Бұл шараларды балалардың күндіз келіп демалатын жазғы сауықтыру лагері іске асырады.

Жаз – демалуға арналған мезгіл. Жазда балаға оқу жылындағыдай талаптар қойылмауы керек. Жаз – демалыс, сондықтан оқушылар еркін өмірге ұмтылады. Оқу жылының соңғы айлары, тіпті соңғы күндері де жақын. Осындай күнді оқушылардың ерекше күтетіні анық. Жазғы демалыстың оқушының ойында қалатындай, оның алдағы дамуына оң әсер қалдыратындай алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс.Қызыл Қазақстан негізгі мектебінің жазғы демалу уақытын дұрыс ұйымдастыру үшін оқушылардың демалу орындары жабдықталып, жазғы мектеп жұмысы жанданады.

Сонымен қатар мектеп ауласын тазартып,гүлдендіру жұмыстарына оқушылар қамтылады. Оқушылардың жазғы демалуын ұйымдастыруда мектеп ұжымының оқушыларды тәрбиелеудегі атқарар ісі зор.

Себебі :

- демалу, тынығу-оқушының тұлға ретінде өзінің ерекшеліктерін айқындай алатын мүмкіндік.
- демалу, тынығу-оқушы дамуындағы еркіндік, ойын, жарыс кезіндегі алғырлығы, тапқырлығы байқалатын кезең.
- демалу, тынығу-оқушының тұлға ретінде ұжымда бейімделуі және психологиялық қажеттілігін айқындайтын өмір белесі.

Сондықтанда, жазғы демалыс күндері оқушының тәрбиеленуі мен дамуы педагогикалық ықпал әсерімен өтілуі тиіс.

Бағдарлама балалардың маусымдық демалысын қамтамасыз етеді, үлкендер мен балалардың ынтымақтастығына жағдай жасайды, балалардың бойында патриоттық сезім қалыптастыруға, балалар мен жасөспірімдерді ұлттық мәдениетке тәрбиелеуге, өздігінен өмір сүру дағдылары мен икемдерін игеруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ұйымдастырылған демалыс бір уақытта демалу, сауықтыру, танымдық қабілеттерін дамыту қызметін атқарады.

Лагерьдің негізгі құрамы— ол мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, толық емес, көп балалы отбасындағы балаларға баса көңіл бөлінеді. Сол сияқты мүгедек балаларға, зейнеткер ата-аналары бар балаларға , қиын жағдайға душар болған балаларға көп көңіл бөлінеді. Тәрбиеленушілердің жұмысы лагерь ауысымында жас шамасына қарай 1-4-сыныптарда 6 бала, 5-9-сыныптарда 9 бала.

**Лагерь ауысымының жұмыс ұзақтығы**
**10 күннен 3 ауысым**:

**1 ауысым: 02.06-13.06.2025**
**2 ауысым: 16.06.-27.06.2025**
**3 ауысым: 30.06-11.07.2025**

Лагерь құрамындағы профилдік отрядтар тек маусым айында жұмыс жасайды.

Жұмыс мерзімі: 02.06.-13.06.2025 (10күн)

Бағдарлама төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды ескере отырып даярланған:

—бала құқығын қорғау БҰҰ Конвенциясы;
—ҚР Конституциясы;
—ҚР «Білім туралы Заңы»;

Лагерь үнемі жаз мезгілінде жұмыс жасайды. Лагерь балалардың денсаулығын жақсартуға, сауықтыру мәселесі, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілеттерін арттыруға, гигиеналық және дене мәдениетін сақтауға; медициналық сақтандыру, спорттық, білім беру, мәдени-демалу қызмет көрсету, күш-қуатын жақсартып, шығармашылықпен жұмыс атқару, азаматтық тәрбие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу, экологияны сақтауға балаларды тәрбиелеу бағдарламасын іске асыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған.

## II. «Жаз-2025» жоспарының мақсаты мен міндеттері

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:** Педагогикалық ұжымның, ата-аналар жұртшылығының, оқушылар, мектептен тыс ұйымдармен тығыз байланыста болуы, қарым-қатынас жасауы; оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру үшінқажетті әдістемелік, ұйымдастыру, ақпараттық қамтылу жағдайын жасау.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- Әлеуметтік тәжірибе жинақтауға баланының араласып, қатыстырылуы, бірге қызмет істеуі, шығармашылық жұмыспен бірге айналасуы;
- Жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қанынас жасау түрлерін дамыту;
- Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру, табиғатты аялауға, қорғауға баулу;
- Шығармашылықпен жұмыс атқаратын балаларды анықтап, қабілетін дамыту, жеке жұмыс жасауға, бірлесіп жұмыс атқаруға баулу;
- Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы;
- Кеңінен тараған ауруларды болдырмау, алдын-алуға, балаларды сақтандыруға, денсаулығын күшейтуге, баланың денсаулығын шыныктыруға байланыстытүрлі сауықтыру іс-шараларының жүйесін құру;

- Салауатты өмір сүруге бейімдеу;
- Аз қамтылған отбасы балаларының мектептегі және «Салют» атты қала сыртындағы лагерьлерде демалулары үшін тегін жолдамамен жалпыға бірдей білім беру қорынан қамтылуларына көмек көрсету.

**Лагердегі заңдылықтар:**

· Уақытты тиімді пайдалану.
· Үнемділік заңы
· Табиғатты қорғау.
· Бірін бірі құрметтеу.
· Салауатты өмір салтын сақтау.
· Ынтымақтастықта болу.
· Басқа адамның пікірі мен еңбегін құрметтеу.
· Пікір еркіндігі.

**Тәрбиеленушілер құқығы:**

· Жеке тұлғаны құрметтеу.
· Ұжымдық және жекелеме шығармашылықпен айналысу.
· Танымдылық-ізденістік жұмыстармен айналысу.
· Айналысатын іс-әрекетін таңдау.
· Ақпараттар алу құқығы.
· Өз бастамасын ұсыну.
· Қателесуге құқылы.

## Бағдарламаны жүзеге асырудың жолдары және негізгі мазмұны

| Бағыттары | Міндеттері | Тәсілдері |
|---|---|---|
| Балаларды сауықтыру | Балалардың денсаулығын нығайту, өз денсаулығын күту дағдыларын қалыптастыру. | -таңертеңгі жаттығулар<br>-серуендер<br>-бассейнде жүзу<br>-ритмикамен айналысу |
| Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру | Табиғатқа қамқор қарым-қатынас қалыптастыру, табиғатты зерттеу дағдыларын дамыту | -әңгіме<br>-викториналар<br>-экскурсиялар<br>экологиялық мерекелер<br>-табиғатта сабақ беру |
| Балалардың шығармашылық қабылеттерін дамыту | Балалардың жады мен ойлауын, фантазиясын дамыту. Көптің алдында сөйлеуге үйрету. | -сурет конкурстары<br>-өлең конкурстары<br>-инсценировкалар |
| Құқықтық мәдениет негіздерін қалыптастыру. | Өз позициясында тұра білуге үйрету. Балалардың құқығы туралы конвенцияларымен таныстыру. Балалардың өз құқығы мен еркіндігі туралы білім деңгейлерін анықтау. | -әңгіме<br>-конкурстар<br>-ойындар<br>-сауалнамалар<br>-сайыстар |
| Балалардың бойында лидерлік саналарын дамыту | Шығармашылық және ұйымдастырушылық қабылеттерін дамыту. Лидерлікке дайындық деңгейлерін айқындау. Командаларда, топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Балалардың лагерді басқаруға қатысуы. | Ұжымдық еңбек іс әрекеттерін өткізу.<br>-сұрақтар мен жауаптар күні<br>-тренингтер<br>-шығармашылық конкурстар |

## III. Іске асыру, жоспарлау кезендері
## 1.Ұйымдастыру әзірлік жұмыстары

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Директор жанындағы жиында жазғы демалысты ұйымдастыруды қарастыру | Сәуір | Аға тәлімгер |
| 2 | Сыныптағы ата-аналар жиналыстарын өткізу, сауалнама алу | Сәуір | Сынып жетекшілері |
| 3 | Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізу | Мамыр | Әкімшілік, сынып жетекшілері |
| 4 | Оқушылардың жаз айларында қайда болатынын анықтау | Сәуір | Сынып жетекшілер, Психолог |
| 5 | Лагерь жетекшілерін тағайындау | Сәуір | Әкімшілік |
| 6 | Лагердің орналасуын ретке келтіру (музыкалық аппаратура, спорт жабдықтары, кеңсе тауарлары т.с.с.) | Мамыр | Әкімшілік, лагерь жетекшілері, дене шынықтыру, ән-күй мұғаліі |

## 2. Ақпараттық-жарнамалық кезең

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары | Мамыр-маусым | Аға тәлімгер, сынып жетекшілері |
| 2 | Техникалық қауіпсіздік, жол ережесін сақтау, судағы қауіпсіздік туралы ақпараттар дайындау | Сәуір-Мамыр | Лагерь жетекшілері |
| 3 | Мектептегі ұйымдастырылатын лагердің жұмыс күн тәртібі, жоспарын әзірлеу | Мамыр | Лагерь жетекшілері, аға тәлімгер |

Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ

Мектеп жанындағы жазғы лагеріне келетін оқушылар тізімі

| № | Аты-жөні | Сыныбы |
|---|---|---|
| 1 | Жүзжасар Нұржігіт | 1-сынып |
| 2 | Сағындық Балауса | 1-сынып |
| 3 | Беккали Ислам | 2-сынып |
| 4 | Есенгельді Алинур | 3-сынып |
| 5 | Умеш Али-Имран | 4-сынып |
| 6 | Жакупова Перизат | 4-сынып |

«Жазғы мектеп» жұмысы
Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ
Мектеп жанындағы «Аяла» жазғы лагерінің жұмыс жоспары
(І-ауысым 02.06-13.06.2022ж)

| р/с | Іс-шара | Мақсаты | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Аяла» жазғы демалыс лагерінің ашылу салтанаты<br>Достық күні.<br>«Дос болайық бәріміз !» | Балалардың лагерге деген қызығушылығын ояту<br>Балаларды бірлікке баулу, танымдық қабілеттерін ояту | 02.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 2. | «Күлдір-бүлдір» күлкі » күні | Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту | 03.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 3. | «Табиғат аясында»<br>«Туған жерім, тал бесігім» шығармашылық күні | Табиғат аясында саяхат жасау. Окушылардың шығармашылық қабілетін дамыту | 04.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 4 | «Салауатты өмір салтын ұстанамыз!»<br><br>«Биле,биле балапан!» | Балалардың салаутты өмір салтын қалыптастырып, өмірге деген сүйіспеншілігін ояту<br>Би қимылдарын үйрету арқылы биге қызығушылығын арттыру | 05.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 5 | «Кітап -біздің досымыз» | Кітапханаға саяхат жасау. | 06.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 6 | «Ертегілер әлемінде» ертегі кейіпкерлері күні | Балаларды ертегі кейіпкерлері арқылы жақсылыққа тәрбиелеу | 09.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 7 | «Кім болам?» | Балалардың мамандық таңдау туралы түсінік беру. | 10.06.2025 | Психолог<br>Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 8 | «Біз арманшыл баламыз» мұражайға саяхат күні | Балаларға мұражайға саяхат жасата отырып отанын сүюге, құрметтеуге баулу | 11.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 9 | «Білім өмір азығы» білім сайысы | Оқу білімге деген қызығушылығын арттыру | 12.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |
| 10 | «Қош бол, Аяла!» | Балаларды достыққа, бауырмалдыққа баулу | 13.06.2025 | Бастауыш сынып мұғалімі: Анапина С.Е |

2024-2025 оқу жылында «Аяла» жазғы демалыс лагерінде өткізілетін іс-шаралар жоспары (І маусым)

| Күндері | Уақыты | Іс-шара жоспары | Жұмыс түрлері |
|---|---|---|---|
| **Дүйсенбі 02.06.2025**<br>*1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні «Аяла» жазғы демалыс лагерінің ашылу салтанаты* | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау<br>2. іс-шаралармен таныстыру;<br>3. Ашылу салтанатына дайындалу;<br>4. Топ белсенділерін сайлау;<br>5. мерекелік іс-шараға қатысу; | Салтанатты жиын.<br>Құттықтау.<br>«Ән шашу». |
| **Сейсенбі 03.06.2025**<br>«Күлдір-бүлдір» күлкі күні | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау<br>2. Бой жазу жаттығулары<br>3. Топтарда «Қожанасыр» әңгімелерін оқу;<br>4. Күлкі күніне арналған смайликтер тағу;<br>5. «Күлдір-бүлдір» сурет сайысы; | Жүгіру<br>Әзіл әңгімелер жарысы<br>Спорттық ойындар |
| **Сәрсенбі 04.06.2025**<br>«Табиғат аясында» | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау.<br>2. Бой жазу жаттығулары.<br>3. Табиғат аясында.<br>4. Жұмбақтар.<br>5. Қимылды ойындар. | Жүгіру.<br>Топсеруен .<br>Ең тапқыр оқушыны анықтау.<br>Футбол. |
| **Бейсенбі 05.06.2025**<br>*«Салауатты өмір салты»* | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау.<br>2. Бой жазу жаттығулары.<br>3. «Тоғызқұмалақ»<br>4. «Ұлттық ойындар»<br>5. Қозғалмалы ойындар. | Гимнастика.<br>Жеңімпазды анықтау.<br>«Бес асық», «Орамал тастау».<br>Кедергілерден өту |
| **Жұма 06.06.2025**<br>«Кітап-біздің досымыз» | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау<br>2. Бой жазу жаттығулары<br>3. Кітапханаға саяхат жасау<br>4. Қимылды ойындар | Гимнастика<br>Топсеруен<br>Ұлттық ойындар |
| **Дүйсенбі 09.06.2025**<br>*«Ертегілер әлемінде» ертегі кейіпкерлері күні* | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау<br>2. Бой жазу жаттығулары<br>3. «Ертегілер әлемінде» күніне арналған іс шараға дайындық;<br>4. Топтарда Қазақ ертегілерін оқу, интербелсенді тақтадан тамашалау;<br>5. Кейіпкерлерді бейнелеу | Гимнастика.<br>«Қазақ халық ертегілері».<br>Өзі ұнатқан әнді шырқау.<br>Доппен ойнау |
| **Сейсенбі 10.06.2025**<br>*«Кім болам»* | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау.<br>2. Бой жазу жаттығулары.<br>3. Мамандық таңдау.<br>4. Математикалық ойындар.<br>5. Қимылды ойындар | Гимнастика.<br>«Қазақ халық ертегілері».<br>Өзі ұнатқан әнді шырқау.<br>Доппен ойнау |
| **Сәрсенбі 11.06.2025**<br>*«Біз арманшыл баламыз» мұражайға саяхат* | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау.<br>2. Бой жазу жаттығулары.<br>3. Аудандық өлкетану мұражай.<br>4. Көргенімді бейнелеймін<br>6. Қимылды ойындар. | Жүгіру<br>Топсеруен<br>Футбол |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **<u>Бейсенбі 12.06.2025</u>**<br><br>*«Кел, балалар, оқылық» «Білім өмір азығы» білім сайысы* | 09.00-12.00 | 1. Қабылдау.<br>2. Бой жазу жаттығулары.<br>3. Әдеби кітаптар оқу.<br>4. «Таныстыру» тренинг .<br>5. Қимылды ойындар. | Гимнастика<br>Кітапханадан кітап алып, оқу.<br>Дамыту сабақ Асық ату. |
| **<u>Жұма 13.06.2025</u>**<br><br>«Қош бол, Аяла!» | 09.00-12.00 | 1. «Көңілді Күншуақ» атты тілек бұрышына суреттер салу, тілек жазу;<br>2. Қоштасу күніне арналған іс-шараға дайындық;<br>3. Топ ішінде «Әрқашан күн сөнбесін» тілек айту сағатын ұйымдастыру;<br>6. «Қош бол, Аяла!» мерекелік іс шарасы | Жеңіл атлетика.<br>Лагерь туралы сурет салу.<br>Марапаттау.<br>Ән шырқау |

«Жазғы мектеп» жұмысы
Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ
«Жайдарман» жазғы демалыс алаңының жоспары
II ауысым (16.06.25-27.06.25)

| № | Мерзімі | Өтілетін іс-шара | Жауапты мұғалім |
|---|---|---|---|
| 1 | 16.06.25 | «Танысу» күні<br>1Лагердің ашылу салтанаты<br>2.Күн тәртібімен таныстыру<br>3. «Түрлі –түсті арман» асфальтта сурет алу.Лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысу | Бастауыш сынып мұғалімі:<br>Магзумова Р.Б |
| 2 | 17.06.25 | «Салауатты өмір салты» күні<br>1.«Біз спортты жақсы көреміз!» флешмоб<br>2. «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында балалармен дәрігер әңгіме жүргізеді<br>3. «Спорт-денсаулық кепілі» спорттық жарыстар | Бастауыш сынып мұғалімі:<br>Магзумова Р.Б |
| 3 | 18.06.25 | «Ертегілер әлеміне саяхат»<br>1. Ертегілер сахналау<br>2. Кітапханаға саяхат<br>3. Сурет салу | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 4 | 19.06.25 | «Қауіпсіздік ережелерін сақтаймыз!»<br>1.Өрт қауіпсіздігі, су қауіпсіздігі бойынша бейнефильмдер тамашалау<br>2. Шебер қолдар(қағазбен жұмыс) | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 5 | 20.06.25 | «Достық» күні<br>1.«Дос боламыз бәріміз!» тренинг<br>2. Эстафеталық жарыс<br>3. Досыма сыйлық жасаймын! | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 6 | 23.06.25 | «Өнер» күні<br>1.«Әнші, биші, күйші балапан» сайыс<br>2. Әр ұлттың билерін билеу.әндер шырқау. | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 7 | 24.06.25 | «Болашақ –жастардың қолында»<br>1.«Болашақ жастардікі» флешмоб<br>2. «Менің есімім» тренинг<br>3. Орманға саяхат | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 8 | 25.06.25 | «Білімділер» күні<br>1.«Дәмді және тез» мақал-мәтелдер сайысы<br>2. «Оқиық та, тоқиық» топтық жарыстар<br>3. Шебер қолдар | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 9 | 26.06.25 | «Сән үлгісі -2025»<br>1.Сән үлгісін көрсету<br>2. Викториналық ойындар ойнау | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |
| 10 | 27.06.25 | Қорытынды<br>1Лагердегі көңілді сәттер<br>2Лагердің салтанатты жабылуы<br>3.Дәмді дастархан ұйымдастыру | Бастауыш сынып мұғалімі<br>Магзумова Р.Б |

Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ

««Көңілді алаң» жазғы демалыс алаңының жоспары

III ауысым (30.06.25-01.07.25)

| р/с | Атқарылатын жұмыстар | Сағаты | Күні | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1. Амандасу сәті<br>2. «Бой сергіту» жаттығулары<br>3. «Бақытты балалық шақ» тақырыбындағы мерекелік концерт | 10.00-12.00 | 30.06.2025 | Асылбекова А.Е |
| 2 | 1. Амандасу сәті<br>2. «Бой сергіту» жаттығулары<br>3. «Бұзылған телефон» ойыны<br>4. «Түгелдеу, шатастыру, не өзгерді» ойыны | 10.00-12.00 | 01.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 3 | 1. Амандасу сәті<br>2. «Бой сергіту» жаттығулары<br>3. «Анам мені не үшін жақсы көреді» ойыны | 10.00-12.00 | 02.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 4 | 1. Амандасу сәті<br>2. «Бой сергіту» жаттығулары<br>3. «Құстың ұшуы» ойыны | 10.00-12.00 | 03.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 5 | 1. Амандасу сәті<br>2. «Бой сергіту» жаттығулары<br>3. Фудбол ойыны<br>4. «Біз - бақытты баламыз» сурет салу | 10.00-12.00 | 04.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 6 | 1.Амандасу сәті<br>2.«Бой сергіту» жаттығулары<br>3.«Гүл» ойыны , «Кел жүзігім кел» ойыны «Гүл» ойыны , «Кел жүзігім кел» ойыны | 10.00-12.00 | 07.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 7 | 1.Амандасу сәті<br>2.«Ән көңілдің ажары» ән айту<br>3.«Түймелер» ойыны | 10.00-12.00 | 08.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 8 | 1.Амандасу сәті<br>2.«Күн сәулесі» ойыны<br>3.«Жабысқақ» ойыны | 10.00-12.00 | 09.07.2025 | Асылбекова А.Е |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | 1.Амандасу сәті<br>2.«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар»тақырыбындағы топтық сайыс<br>3.«Кім жүйрік» жүгіру ойыны | 10.00-12.00 | 10.07.2025 | Асылбекова А.Е |
| 10 | 1. Амандасу сәті<br>2. «Бой сергіту» жаттығулары<br>3. Баскетбол ойыны<br>4. «Біз - бақытты баламыз» тақырыбында лагерьдің жабылу салтанатын өткізу | 10.00-12.00 | 11.07.2025 | Асылбекова А.Е |